

Ж. Оспанова, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: Ә. Б. Түсіпбеков, ӘҚ және ІО ӘҚ кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ АРНАЙЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ

Қоғамның оң дамуындағы тенденцияларға қарамастан, біздің мемлекетіміз өтпелі, әрі күрделі мерзімде өмір сүріп жатқандығын, әсіресе жастар арасында қиын әлеуметтік-психологиялық жағдайда екенін аңғару қиын емес. Қазіргі таңда бұрынғы қалыптасқан жүріс-тұрыс стереотиптер мен құндылықтар едәуір мөлшерде өзгеріске ұшыраған. Осы ретте, жастардың өзіндік ерекшеліктері мен салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруға септігін тигізетін өмірлік тәжірибесі аз болғандықтан, олар айналасында болып жатқан өзгерістерге дер кезінде бейімделе алмайды. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер үнемі еліктегіш болып келетіндіктен және стресстік жағдайларды жеңуге, олармен күресуге дайын болмағандықтан, келеңсіз жағдайлар туындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда балалардың өмірлік іс-әрекеті мен құқығын қорғау саласындағы кешенді мәселелер жиынтығы, қоғам мен мемлекеттік органдардың назарын ерекше аударуда.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу, жалпы еліміздегі заң бұзушылықтың алдын алудың өзекті де маңызды мәселесі болып табылады.

Балалармен профилактикалық жұмыс жүргізу күрделі, сан қырлы, сонымен қатар ұзақ уақытты қамтитын процесс. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсаты мен мәні жасөспірімдер арасында алдын алу іс-шараларын жүргізумен, сондай-ақ әлеуметтік дезадаптацияның пайда болу себептері мен факторларын зерттеумен тікелей байланысты.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың пайда болу себептері мен мәселелерін шешу мақсатында, сондай-ақ, кәмелеттік жасқа толмағандармен профилактикалық жұмыс жүргізу, олардың санасына салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру арқылы жасөспірімдердің жүріс тұрысында ауытқу қаупінің туындау себептерін жою мақсатында арнайы мәселелерді қарайтын арнайы әлеуметтік қызметтердің атқаратын жұмысы мол болады деп ойлаймыз.

Әрине мемлекет тарапынан бұл мәселені шешу үшін көп жұмыс атқаруда, айтарлық: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңында мемлекет келесі саясат жүргізуде: кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау; отбасын қолдау; кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік; өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу және т.б. заңды іс—шаралар бар, бірақ бұл біздің ойымызша жеткіліксіз. Сондықтан шешуші рөлді арнайы әлеуметтік қызметтер атқаруы тиіс.

Бұл қызметте психология мен педагогика, әлеуметтік ғылымдар саласындағы тиісті кәсіби білімі бар тұлғалар жұмыс істеуі тиіс, бұл жеткіншекпен байланыс орнату кезінде, біршама айтарлықтай жетістік береді. Әлеуметтік қызметтер қызметкерлерінің кәмелетке толмағандармен атқарылған жұмыстарының нәтижелері бойынша есеп жасалатын болады, оның мазмұнын қудалау органдары іс жүргізу шешімін қабылдауда және сотпен үкім шығарарда назарға ала алады. Мысалы, сот төрелігіне түскен жеткіншек өзіне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Толық жетілмеген жеткіншек сыртқы көмекті және қолдауды қажет етеді. Оның тағдырында арнайы дайындығы бар үлкен адамдардың қатысуы қаншалықты көп болса, осы қиын кезеңнен жеткіншектің жақсы жетістіктермен өтуіне мүмкіншілік көп болады. Әлеуметтік психологтың клиенті кәмелет жасына толмағанның өзі болып табылады. Себебі сот төрелігін жүргізу жүйесінде кәмелетке толмағандарды қамауға алу кезінде жедел қызметкерлер, тергеушілер, адвокаттар, прокурорлар негізгі тұлғалар болып табылады. Осы аталған тұлғалар ұсталған кәмелетке толмағандардың жеке және психологиялық

ерекшеліктерін ескеруі тиіс болса да, практика мұндай қолдауды кәсіби деңгейде көрсететін маманы қажет екендігін көрсетеді.

Ювенальды әділет жүйесінде жеткіншекті ерекше әлеуметтік сүйемелдеу туралы мәселені қарату қажет. Жеткіншек жасындағы дамуының жас ерекшеліктерін, жеткіншектің қауқарсыздығын, сезімталдығын, қамауға алу фактісінен алынған стресті, әлеуметтік ортаның ықпалын, отбасындағы жағдайды, ықтимал психологиялық проблемалар мен педагогикалық қараусыздықты, түрлі тәуелділік нысандарын ескермеуге болмайды.

Осылайша, жеткіншек психологиялық көмекті, әлеуметтік қажеттіліктерінің шешілуін, жаза атқаруды бақылауды, қайта қылмыс пен құқық бұзушылық жасаудың алдын алуды, әлеуметтік ортаға жетістікпен бейімделуді қажет етеді, осы орайда бұл жасөспірімге арнайы әлеуметтік қызметтер көмектесуі тиіс.

Егер де бұл жұмыс дұрыс жолға қойылатын болса біз келесі нәтижелерге жете алатынына сенеміз: сот төрелігін жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдардың кәметке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау сапасын арттыруға; құқық қорғау органдарының құқық қолдану практикасында заңдылықты бұзу фактілерін азайтуға; ювенальды әділет үшін кадрлар даярлау деңгейін арттыруға; қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде кәметке толмаған сотталғандарды ұстау жағдайлары мен тәртібін халықаралық практиканың прогрессивті жүйесіне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.